

Қазақстан Республикасының Президентін, Қазақстан Республикасының Парламент депутаттарын, облыс және қала мәслихаттары депутаттарын сайлау кезінде үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындарын, сайлаушылармен кездесулер үшін үй-жайларды анықтау туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Жезқазған қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 2 наурыздағы N 06/01 қаулысы. Қарағанды облысы Жезқазған қаласының Әділет басқармасында 2011 жылғы 2 наурызда N 8-2-137 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жезқазған қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 23 желтоқсандағы N 33/01 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жезқазған қаласы әкімдігінің 2011.12.23 N 33/01 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық Заңының 28 бабы 4, 6 тармақтарына сәйкес Жезқазған қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Қазақстан Республикасының Парламент депутаттығына, облыс және қала мәслихат депутаттығына үміткерлердің Жезқазған қаласы бойынша сайлаушылармен кездесулері үшін 1 қосымшаға сәйкес үй-жайлар берілсін.

2. Қалалық сайлау комиссиясымен бірлесіп (Н.Г. Яресько - келісім бойынша) Жезқазған қаласы бойынша үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін 2 қосымшаға сәйкес орындар анықталсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Жезқазған қаласы әкімінің орынбасары Б.Қ. Шыңғысовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жезқазған қаласының әкімі **Б. Әбдіғалиұлы**

Жезқазған қаласы әкімдігінің
2011 жылғы 2 наурыздағы
N 06 / 01 қаулысына
1 қосымша

Жезқазған қаласы бойынша сайлаушылармен кездесулерге арналған үй-жайлардың мекен-жайлары

--	--	--	--

N	Елді мекеннің атауы	Үй-жайлардың мекен-жайлары	Үй-жайдың жалпы көлемі (шаршы метр)
1	Жезқазған қаласы	С. Қожамқұлов атындағы сазды-драма театрының көрме залы Желтоқсан көшесі, 2 үй (келісім бойынша)	305,59
2	Жезқазған қаласы	N 7 орта мектебінің акт залы, М. Жәлел көшесі, 12 үй	176,4
3	Жезқазған қаласы	N 9 орта мектебінің акт залы, Ержанов көшесі, 11 үй	189
4	Жезқазған қаласы	N 10 орта мектебінің акт залы, Марғұлан көшесі, 50 үй	150,6
5	Кенгір селосы	N 2 орта мектебінің акт залы, Школьная көшесі, 2 үй	145
6	Талап селосы	N 6 орта мектебінің акт залы, Молодежная көшесі, 7 үй	180
7	Малшыбай селосы	N 15 орта мектебінің акт залы	65,58
8	Теректі станциясы	N 6 орта мектебінің акт залы	96

Жезқазған қаласы әкімдігінің
2011 жылғы 2 наурыздағы
N 06 / 01 қаулысына
 2 қосымша

Жезқазған қаласы бойынша үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындары

N	Елді мекеннің атауы	Үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындары
1	Жезқазған қаласы	Бейбітшілік даңғылы мен "Ғарышкерлер" бульварының қиылысы
		С. Сейфуллин көшесі мен Алашахан даңғылының қиылысы
		темір жол вокзалы аймағы
		автовокзал аймағы